

Өзен аңғары

Смағұлов Нұржан

Өзен аңғары

Өзен аңғары – негізінен өзендердің эрозиялық әрекеттерінің нәтижесінде пайда болатын жер бедерінің созылмалы пішіні; жер бетінің ғасырлар бойы аққан судың эрозиялық әрекетінен жуылып-шайылуы арқылы қалыптасқан, ұзына бойы иректеле созылған, бастауынан сағасына дейін түбі еңіс болып келетін, қазіргі кезде ағын арнасы бар бедердің терең теріс пішіні.



Көлденең қимасының сипатына қарай аңғарлар төмендегідей типтерге бөлінеді:

- * саңылау – терең, әрі тар аңғар; таулы аудандарда кездеседі;
- * каньон – құлама беткейлі терең аңғар, әдетте табаны тар, таудан шыға берісте немесе таулы өңірде кездеседі;
- * шатқал – терең жартасты тау аңғары, әдетте беткейлері шығыңқы келіп, төменгі тұсындағы құламасы ұлғая түседі;
- * трапецияға ұқсас – көбіне жазық келетін шығыңқы немесе түзу көлбеу пішінді кең аңғар;
- * астау тәрізді – беткейлері ойыс, баурайы біртіндеп көлбеу пішінге айналады. Жазықтағы өзендердің аңғарын шабындық ретінде және әртүрлі аңғар шабын дақылдарын өсіруге пайдаланады.







Жайылма (Пойма)

- * Жайылма (Пойма) - шабындықты терраса, өзен аңғарының едәуір тегіс келген, қазіргі заман шөгінділері жапқан, тасқын немесе су тасу кезінде оқтын-оқтын су басатын бөлігі.



Ерекшеліктері

- * Өзен бойында орналасқандықтан, сол өзендердің жылдық режимдеріне тікелей байланысты. Әдетте, көпшілік өзен бойындағы экожүйелер көктем, кейбір жылдары жаз айларында су тасыған кездерде су астында қалып, олардың бетіне сумен келген шөгінді жыныстар жиналады. Топырақтары әр түрлі қабатты, аллювийлі шымды-шалғынды. Ылғалмен жақсы қамтамасыз етілгендіктен, бұл экожүйелер жақсы өнім береді. Көбінде шабындық, ретінде, ал кейбір жағдайларда бақша егістері үшін пайдаланылады.

Жайылмалық аңғар

Жайылмалық аңғар (Пойменная долина) — жайылмасы жақсы дамыған аңғар. Аңғардың морфологиялық дамуының соңғы сатысына жатады.



Жайылмалық батпақ

- Жайылмалық батпақ (Пойменное болото) — негізінен қамыс пен қоға басқан, жақсы дамыған жайылмаларда болатын евтрофтық (ойпақдық) батпақ түрі.



Жайылмалық шөгінділер

- * Жайылмалық шөгінділер (Пойменные отложения) — жайылмадағы аллювийлік шөгінділер. Құмдақ алевритті, алевритті-пелитті болып келеді. Тасқын немесе су тасуы кезінде жайылмаға шыққан өзен ағысының қалдығы.



Террасалар

* Террасалар — кең мағынада таулардың, төбелердің, өзен аңғарларының беткейлеріне қиялай немесе жанаса біткен беті, сөз ғана горизонтальды болып келетін сатылы рельеф формасы. Террасалар үшке бөлінеді: 1) өзендік терраса — өзен қазіргі деңгейінен жоғары аққан уақытта пайда болған өзен аңғарының бұрынғы қалдың түбі (аллювиальды терраса). Эрозия базисі томендеген жағдайда өзен аңғар түбін бұрынғыдан да тереңдете жырып, деңгейі едәуір төмен жаңа аңғар түзеді, сүйтіп оның беткейінде сақталып қалған ескі аңғардың қалдықтары террасалар болып калады. Мұндай процестердің бірнеше рет қайталануы нәтижесінде аңғарлар беткейлерінде террасалардың бірнеше ярустары пайда болады; 2) көлдер мен теңіздердің жағаларында түзілген жағалық террасалар; 3) құрылымдық террасалар.



Сел

- * Сел (арабша сайль — жойқын тасқын) — таулы аудандарда мұздықтардың, қардың мөлшерден артық еруінен, нөсерлі жауын-шашындардан, жер сілкініуден, тау өзендерінің арнасынан асып тасуынан пайда болатын табиғаттың жойқын құбылысы.

сел алматы 23.07.2015



- * Сел тасқыны құрамына қарай саз-балшықты, тастыбалшықты және сулы-тасты селдер болып үш түрге бөлінеді.
- * Сел жолындағы борпылдақ шөгінділерді шайып, қатты тау жыныстарын бұзып, ағаштарды түбірімен қопарып, салмағы ондаған тонналық үйтастарды ағызып әкетеді. Сел Қазақстанның Іле Алатауы, Жетісу Алатауы, Сауыр, Тарбағатай, Алтай тауларындағы Үлкен Алматы, Кіші Алматы, Қаскелең, Есік, Талғар, Текелі, Сарқант, тағы басқа өзендердің алаптарында жиі болып тұрады.

